

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ведомстволарын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 тамыз N 1266

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мынадай ведомстволары таратылсын:

- 1) Мал дәрігерлік қадағалау комитеті;
- 2) Өсімдіктерді қорғау комитеті;
- 3) Өсімдіктер карантині жөніндегі комитет.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен жоғарыда аталған комитеттерді таратуды жүзеге асырсын.

3. Жоғарыда аталған ведомстволар таратылғаннан кейін қалған мүліктерін басқару жөніндегі өкілеттік Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне беріледі деп айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір ай мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін осы қаулыға сәйкестендіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Өсімдіктер карантині жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 сәуірдегі N 476 P990476_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N15, 152 құжат);

2) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлік қадағалау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 494 P990494_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 15, 161-құжат);

3) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Өсімдіктерді қорғау жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 498 P990498_

қаулысы

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 15, 162-құжат);

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы
N 1093

P991093_

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 17,19
және 20-тармақтары.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.